

«Жас Дарын-2» бастауыш мектебі

№2 Хаттама

«28» 10 2023 ж.

Барлығы- 40
Қатысқандар- 40

Күн тәртібі:

1. I тоқсан қорытындысы (диагностика, мониторинг)
2. Таратуға ұсынылатын озық педагогикалық тәжірибені талқылау, шешімдер шығару
3. «Оқушының тәрбиелік деңгейі, мектептің тәрбие қызметі нәтижелерінің сапасын бақылау» тақырыптық бақылаудың қорытындысы
4. Мектептің психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу
5. Тексеру қорытындылары: 2-4 сыныптарда математика пәнін жан-жақты тексеру

1. Тыңдалды: I тоқсан қорытындысы (диагностика, мониторинг)

1. Сөйледі: Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы-директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы күнтізбесіндегі I мәселе, 2023-2024 оқу жылының I тоқсанында оқушылардың және мектептің білім сапасы жайында сөз бастады. Ол қатысушыларға бірінші кезекте мемлекеттік білім беру стандарттарына сай, сапалы білім беру қажет екендігін баса назарға ұстауды ескерте келе, I тоқсанның қорытынды нәтижелерін келесі бөлімдерге бөлді:

1. I тоқсан бойынша 2 А, 2 Ә, 2 Б, 2 В, 2 Ғ, 2 Д, 3 А, 3 Б, 3 В, 3 Д, 4 А, 4 Б, 4 Д сыныптарының үлгерімі

2. I тоқсан бойынша жалпы мектептің қорытынды нәтижелері.

Қорытынды нәтижелер Kundelik.kz электронды күнделік веб-порталынан алынды. Қорытынды нәтижелер төмендегі кестеге сай:

Сынып	Оқу тілі	Барлығы		Үздік оқушылар		Үлгерім жақсы оқушылар		Үлгерім орташа оқушылар		Үлгерім төмен оқушылар		Орт. балл	Жалпы білім сап. %	Жалпы ОБД (%)
		Барлығы	%	АТЫ-ЖӨНІ	Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%	АТЫ-ЖӨНІ			
2 А	қаз	19	3	15,79	Байзақ Р. Қынат Ө. Омархан Н.	7	36,84	9	47,37	0	0	3,88	52,63	62,53
2 Ә	қаз	17	4	23,53	Алтай Д. Алымкул Д. Жандарбек Д. Керібай Т.	9	52,94	4	23,53	0	0	4,26	76,47	72,57
2 Б	қаз	17	4	23,53	Алиқадыр А. Алтынбек Н. Бахытжанұлы А. Рахымберді Р.	6	35,29	7	41,18	0	0	4,12	58,82	68,8
2 В	қаз	15	1	6,67	Сабирхан Д.	7	46,67	7	46,66	0	0	3,8	53,33	60,16
2 Ғ	қаз	14	3	21,43	Арапов С. Әмзе Н. Ибрагим Ө.	4	28,57	7	50	0	0	4	50	66,17
2 Д	-	19	4	21,05	Ашимова Х. Дархан Н. Дауренбеков Д. Жылхайдар К.	4	21,06	11	57,9	0	0	4,01	42,11	66,32
2 Параллель		101	19	18,67		37	36,9	45	44,44	0	0	4,01	55,45	66,09
3 А	қаз	18	3	16,67	Аян Ш. Әзімхан А. Раматулла Н.	6	33,33	9	50	0	0	3,96	50	65,08
3 Б	қаз	22	6	27,27	Айтходжа Н. Асылбек М. Көшербай А. Марат А. Рахымберді А. Шалабай Н.	7	31,82	9	40,91	0	0	4,2	59,09	71,53
3 В	қаз	12	2	16,67	Әмірсерік Д. Әмірсерік Д.	5	41,67	5	41,66	0	0	3,9	58,33	62,96
3 Д	орыс	7	1	14,29	Жарқынбек А.	3	42,86	3	42,86	0	0	4,1	57,14	68,4
3 Параллель		59	12	18,73		21	37,42	26	43,86	0	0	4,04	55,93	66,99
4 А	қаз	19	3	15,79	Байжұмартов Е. Байзақ А. Серджан Ж.	8	42,1	8	42,11	0	0	3,89	57,89	62,77
4 Б	қаз	14	1	7,14	Қынат Е.	8	57,14	5	35,71	0	0	4,17	64,29	69,96
4 Д	орыс	15	2	13,33	Жұман С. Мырзақерім Е.	6	40	7	46,67	0	0	4,06	53,33	67,62
4 Параллель		48	6	12,09		22	46,41	20	41,5	0	0	4,04	58,33	66,78
Бастауыш білім беру		208	37	16,5		80	40,24	91	43,27	0	0	4,03	56,25	66,62
Мектеп		208	37	16,5		80	40,24	91	43,27	0	0	4,03	56,25	66,62

І тоқсан бойынша 2 А, 2 Ә, 2 Б, 2 В, 2 Ғ, 2 Д, 3 А, 3 Б, 3 В, 3 Д, 4 А, 4 Б, 4 Д сыныптарының үлгерімі

1. 2 А сыныбының І тоқсандық үлгерімі-52,63%
2. 2 Ә сыныбының І тоқсандық үлгерімі-76,47%
3. 2 Б сыныбының І тоқсандық үлгерімі-58,82%
4. 2 В сыныбының І тоқсандық үлгерімі-53,33%
5. 2 Ғ сыныбының І тоқсандық үлгерімі-50 %
6. 2 Д сыныбының І тоқсандық үлгерімі- 42,11%
7. 3 А сыныбының І тоқсандық үлгерімі-50%
8. 3 Б сыныбының І тоқсандық үлгерімі-59,09%
9. 3 В сыныбының І тоқсандық үлгерімі-58,33%
10. 3 Д сыныбының І тоқсандық үлгерімі-57,14%
11. 4 А сыныбының І тоқсандық үлгерімі-57,89%
12. 4 Б сыныбының І тоқсандық үлгерімі-64,29%
13. 4 Д сыныбының І тоқсандық үлгерімі-53,33%

І тоқсан бойынша жалпы мектептің қорытынды нәтижелері.

2023-202 оқу жылының І тоқсанында мектептің білім сапасы төмендегідей:

Орташа балл: 4,03

Жалпы білім сапасы: 56,25%

Жалпы ОБД: 66,62%

I тоқсандағы мектептің білім сапасы қанағаттанарлық.

2. Тындалды: Таратуға ұсынылатын озық педагогикалық тәжірибені талқылау, шешімдер шығару

2. Сөйледі: Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы-директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы күнтәртібіндегі II мәселе, Мұғалімдердің, жаңашыл-педагогтардың тәжірибесін зерттеу өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту және тәрбиелеумен байланысты. Тәжірибе дегеніміз-педагогтың ұзақ жылдар бойындағы практикалық-педагогикалық іс-әрекет нәтижесінде жинастырған шеберлігі.

Озат педагогикалық тәжірибе дегеніміз-қоғамдық педагогикалық қызметтің бастауы ретінде, нақты жағдайларды, балалардың, ұжымның және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге, педагогтың жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыруы деген сөз. Озат педагогикалық тәжірибе балаларды тәрбиелеу және оқытудың жаңа идеяларын түрлі тұрғыдан қарау және технологиялардың бастауы.

Мақсаты: -жан-жақты жетілген, заман талабына сай қабілетті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал жасауда инновациялық бағыттағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі тұлғаның толыққанды дамуына белсенділік, жауапкершілік танытатын педагог қауымына инновациялық жұмыс түрлерін ұсыну.

Міндеттері:

1. Жан-жақты жетілген, заман талабына сай қабілетті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал жасауда инновациялық бағыттағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

2. Мектеп жасындағы балалардың толыққанды дамуына белсенділік, жауапкершілік танытатын педагог қауымына инновациялық жұмыс түрлерін ұсыну.

Озат педагогикалық тәжірибе-педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі. Тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі бір принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа педагогтарға үлгі болып, озат тәжірибесі басқа мектептерге таратылады.

Педагогикалық озат тәжірибенің мағынасы: шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды. Сондықтан, бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Жай шеберлік пен жаңашылдық арасындағы айырмашылықты көру қиын, себебі педагог ғылымда белгілі принциптер мен әдістерді қолданып, қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістерді қолданып, немесе ескі әдіс-тәсілдерді тиімді етіп ұштастырып, бірте-бірте жаңашыл болады, олай болса жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесін жан-жақты талдап, қорытындылап тарату керек.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM дегеніміз-оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. *Мұндай тәсілдің мақсаты*-мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEM-оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық

ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты-мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату

3. Тыңдалды: «Оқушының тәрбиелік деңгейі, мектептің тәрбие қызметі нәтижелерінің сапасын бақылау» тақырыптық бақылаудың қорытындысы

3. Сөйледі: Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы-директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы күнтәртібіндегі III мәселе, 2023-2024 оқу жылының 1-тоқсанында «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінде оқушылар арасында бірнеше тәрбиелік, патриоттық сарында іс-шаралар өтті. Атап айтар болсам:

1-қыркүйек-білім күніне орай әр сыныптарда тәрбиелік ашық сабақтар, мерекелік концерт өткізілді.

Мұғалімдер мерекесі қарсаңында, яғни 5-қазанда мұғалімдер арасында спорттық жарыс ұйымдастырылып өткізілді. Мектеп мұғалімдері 4 командаға бөлініп, 5 спорт түрінен бақтарын сынады.

Командалар:

1. 1-сынып мұғалімдері
2. 2-сынып мұғалімдері
3. 3,4-сынып мұғалімдері
4. Пән мұғалімдері

Спорт түрлері:

1. Үстел тенісі (1 ойыншы)
2. Скакалкамен секіру (1 ойыншы)
3. Шашка ойыны (1 ойыншы)
4. Арқан тартыс (командалық ойын)
5. Эстафета (командалық ойын)

Әділ-қазы алқалары:

1. Қажыбаева Ш.
2. Досмурзаева Г.
3. Заурбекова Н.

Төрешілер:

1. Айвазов И.
2. Зулбухаров М.
3. Шеримов Б.

Мерекелік іс-шараның қатысушылары мектептің кәсіподақ төрағалығының қатысуымен арнайы сыйлықтар және мақтау қағаздарымен марапатталды.

«25-қазан Республика күніне» орай «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінің оқушылары арасында «Тәуелсіздік-тұғырым!» атты видео челенджі ұйымдастырылды. Видео материалдар мектептің әлеуметтік парақшаларына жарияланды. Мерекелік іс-шараға қатысушы оқушылар мерекелік мақтау қағаздарымен марапатталды. Видео челенджінің мақсаты балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету, бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі-туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

4. Тыңдалды: Мектептің психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

4. Сөйледі: Сатыбалды Жібек-мектеп медбикесі.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында ата-аналардың whatsapp менссенджеріндегі сынып чаттарына арнайы дайындалған видеороликтер жолданды. Ата-

аналармен кері байланыс орнатылып, балаларды смартфондардан мейілінше алыс ұстауын, болмаған жағдайда смартфонда баланың не көріп жатқанын бақылау ұсынылды.

«Аутодеструктивті» сөзі латыннан аударғанда-қалыпты жағдайдағы құрылымының бұзылуы деп атайды. Аутодеструктивті мінез-құлық-адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық. Аутодеструктивті мінез-құлық-қазіргі таңда кең таралып кеткен күрделі де қауіпті феномен. Аутодеструктивті әрекеттерді зерттеу үрдісі суицидология мен клиникалық психологияның негізгі теорияларына сүйенеді, осыған орай, Э.Шнейдман өз пікірін былай деп жеткізеді: "бұл әрекет, өзінің соматикалық немесе психикалық денсаулығына қандай да болмасын зақым келтіруге бағытталған". Қазіргі таңда қоғамда аутодеструктивті мінез-құлықтың көптеген түрлері таралуда. Сондықтан оны түзету жолдары ғана емес, алдын алу шаралары да маңызды роль атқарады. Аутодеструктивті мінез-құлыққа шалдығуға әсіресе жасөспірімдер көбірек бейім, себебі жас ерекшелік өзгерістер болып жатады-эмоционалдық тұрақсыздық, әлеуметтік жағдайлардың күрт өзгеруі (олардан өзбеттілікті, жауапкершілікті талап ете бастайды), өмірлік тәжірибенің аздығы, «ақ пен қараны» ажырата алмау, сонымен қатар жағымсыз экологиялық, экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсері.

Қазіргі өмірдің талабы мен қарқынының әлеуметтік-экономикалық өзгеруі салдарынан туындаған жанұядағы күрделі әлеуметтік-экономикалық күйзелістің, дағдарыстық ахуалдың артуын халқымыздың келешегі болып саналатын жап жас өрендеріміз көтере алмайды. Осыған орай, жыл сайын жасөспірімдердің аутодеструктивті әрекеттерге қарқынды бейімделуі көкейтесті мәселеге айналып отыр. Жасөспірімдер күйзеліске жиі ұшырап жатады.

Мектебімізде оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықты тіркелген жоқ. Мектептің психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.


5. Тыңдалды: Тексеру қорытындылары: 2-4 сыныптарда математика пәнін жан-жақты тексеру

5. Сөйледі: Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы-директордың оқу істері бойынша орынбасары.


Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы күнтізбіндегі мәселе бойынша, 2-4 сыныптарда математик пәнін жан-жақты тексеру, оқушылардан тест жұмыстарын алу бойынша, оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аудандық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес жүргізілді. 2-4 сыныптарда математика пәнін жан-жақты тексеру барысында алынған тест нәтижелері төмендегі диаграммада көрсетілген:



3-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ 16-ҚАЗАНДА МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН АЛЫНҒАН ТЕСТ НӘТИЖЕСІ



16 ҚАЗАНДА МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША АЛЫНҒАН ТЕСТ НӘТИЖЕСІ



Ұсыныс:

1. Күн тәртібіндегі 1-мәселе І тоқсан қорытындысы (диагностика, мониторинг) бойынша мектептің оқу үлгерімі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Озық педагогтердің жұмыс жүйесін зерттеу және талдау нәтижелері жақсы деңгейде деп табылсын.
3. «Оқушының тәрбиелік деңгейі, мектептің тәрбие қызметі нәтижелерінің сапасын бақылау» тақырыптық бақылаудың қорытындысы бойынша мектептегі тәрбие істері қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында оқушылар-арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. Бақылау мен басшылық мектеп медбикесі С.Ж.Махсатқызына жүктелсін.
5. Тексеру қорытындылары: 2-4 сыныптарда математика пәнін жан-жақты тексеру нәтижелері жақсы деңгейде деп табылсын.

Мектеп директоры

Б.М.Шеримов

Хатшы

Н.Заурбекова

